

Егемен Қазақстан

Егемен.kz

Академик Абдуллин



Академик Айтжан (Айтмұхамед) Абдуллин ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ғылымының айтулы тұлғасы болды. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өзі геология институтының аспирантурасына қабылдап ғылымға жолдама берген, сол ұлы ұстазының көз алдында кандидаттық диссертация қорғап,

еңбегінің соны сипатымен оны риза еткен, одан кейін академик Ө.Байқоңыровтың шақыруымен бұрынғы политехникалық институтқа, қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетіне ұстаздыққа барған жерінен «Сіз – біздің өзімізге керексіз» деп Қаныш ағасының өзі қайтарып алып, білімпаз, іскер, табанды жасты геологиялық ірі экспедициялық зерттеулерге бағыттаған, сөйтіп біртіндеп барып, ұлы ұстазы отырған геология институтының директоры болып, Қаныш ағасының ісін 21 жыл жалғастырды. Директорлығымен бірге жер туралы ғылымдар бөлімшесін басқарып, Академияның вице-президенті болған, одақтық геология ғылымының корифейлері танып бағалаған аса көрнекті қазақ ғалымы жарты ғасырға жуық ортамыздың көркі де абыройы болып өмір сүрді.

Мен онымен танысып, отыз жылдай дос інілерінің бірі болдым. Таныстырған – сол кездегі Ғылым академиясы ғылыми кітапханасының директоры Нұрхан Бәтешқызы Ахметова еді. Ол кісі Мәлік Ғабдуллиннің қайынбикесі болатын. Мәкең үйінде жиі кездесіп жақын танысып кеткенбіз. Нәзия (Мәліктің әйелі) сияқты, бұл кісі де іні тұтатын. Академия коридорында кездесіп қалып:

– Неғып жүрсің? Жүр, бізге, кітапханаға барайық, – деді.

Екеуіміз өтіп бара жатқан Айтжанды байқап қалдық.

– Айтжан, – деп дауыстады Нұрхан Бәтешқызы.

Айтжан жалт қарады да тоқтады.

– Сен мына Серікті білесің бе? – деді ол Айтжанға амандаса қолын ұсынып тұрып.

Айтекең үндей қоймады. Таныс емес те еді.

– Бұл жігіт – біздің ініміз. Жаңаарқа, Жезқазған, Ұлытау қатар жатқан жерлер ғой, – деді Нұрхан.

Бәріміз Нұрханның кабинетіне кірдік. Осы жерде әңгімелесіп отырып, жақсы таныстық. Біраз тарихтың бетін қайтардық. Содан кейінгі уақытта мен Айтжанның ғылымдағы еңбек жолы мен жеке басының адамгершілік сипаттарын, отбасын бір кісідей жақсы білдім деп айта аламын. Өмірінің соңғы кезінде ол өзі және заманы, ғылымдағы қызметі жайлы естеліктер шығаруға дайындалған кездерінде, осы материалдарды жинақтау мен жазу жағдайы туралы менімен көп ақылдасып еді. Әуелде орысша басылғаны дұрыс деп ұсынылған еңбекті ресейлік орыс жазушысы Ю.В.Тарасов жазып шықты. Ол «Возвращение к истине» (2001) деген атпен Алматыда жарық көрді. Оған мен алғысөз жаздым. Кейін ол еңбекті кеңейтіп, Айтжанның өзі жазып («Тағдыр толқынында» –2004) шығарды. Осы кездерде таза ғылыми проблеманы ғана толғап үйренген Айтжан ағаның тіршілік әңгімелерін берудің жолын іздестірген тұстарында мен ақылшы қызметін атқардым. Кей әңгімелерді ол маған айтып алып, соны талғамынан өткізіп барып қайта жазатын. Осы тұста, жайшылықта көп сөйлемейтін, сөзге сараң Айтжан шешен де, жазғыш та екендігін танытты. Мен сараң сұрай отырып, оның бірсыпыра сырына қанықтым. Осы аталған екі кітапта да жеңіл-желпі ғана сөз болған оның тегі, жетімдік тағдыры, соншама қабаттасқан өмір талқысынан аман шығу жолдары жайлы білдім. Соған қарамастан ол дәуірдің көп мәселелері мен үшін (тіпті Айтжанның өзі үшін де) күңгірт қалпында қалып қойғаны жасырын емес. Әкешесінен жастай айырылып, балалар үйін паналаған бала туыстарының өткен күйінен хабарсыз да екен. Ол, тіпті, өз әкесінің атын да анық білмейті. Оның Абдулла емес, Әбділда екенін кейін бір немере апасы айтыпты. Уақыт ырқыма, жетім баланың айналасындағы мәңгірт шындыққа көңіл бөлмегені ме, кім білсін, ол өз тағдырына салмақ түсірген заман ауыртпашылығын сөз етуге сараң сияқты көрінді. Оның біразын бүгін сол дәуір мен сол өлкенің тарихынан хабары бар адам есебінде мен өзім жорамалдап, ойсанамда толықтырып отырмын.

Айтжан – текті атадан өрбіген, бірақ кеңес тұсында қуғынға ұшырап жойылып кеткен тұқымнан қалған жалғыз тұяқ еді. Олар Ұлытау өңірін мекендеген бағаналы найман ішінде Жырық деген атадан тарайды. Жырықтың шын аты Темірші екен. Жас кезінен жорыққа шығып, жау мен айқас кезінде қарсыластарының бірінің найзасы ернін іліп кетіп, Жырық атаныпты. Содан өсе келе жырық ерінмен талай жауын мұқатқан ірі

батыр болыпты. Бағаналы ішінде Жырық ұрпағы рулы елге айналып, қыдыр қонып, бақ дарыған жуан әулет саналады. Жырықтан Сарыбай, одан Өтеп, Өтептен Төлеп, Төлептен Сандыбай туады. Бұлардың бәрі де өз заманында аты шыққан батырлар, дәуірдің қайраткерлері болған. Төлептің төрелікті тура айтатын билердің қатарында да аты шыққан. Дау-дамайда әділ билік айтқан Төлепті халық «Төлеп түлетіп шығарады» деп аңызға айналдырған. Батыр жаугершілікте жүріп Түркістан маңында қайтыс болып, Әзірет Сұлтан кесенесіне жерленеді. Төлептен туған Сандыбай да батырлықпен танылған. Сандыбайдан Дүзен (бірінші әйелінен), Кеңесбай, Шүрте (екінші әйелінен), Ерден, Берден, Байұлы (үшінші әйелінен), Кеңбейіл (жеңгедей алған әйелінен) атты ұлдар туады. XIX ғасырдың орта тұсында Ерденнің аты қазақ даласына кең жайылған. Ол 1862 жылы Атбасар округінің аға сұлтаны болып сайланған. Сайлауға Шоқан Уәлихановпен бірге таласып түскен Ерденді патша әкімшілігі қолдап, жеңісті соған алып берген. Қазақы ел ішінде өсіп, аруақ сыйлау, жол беру деген әдет-салтты жақсы білетін Ерденді желіктіріп, Шоқанға қарсы қойғандар да сол әкімшіліктің өкілдері болатын. Сайлауда Шоқан 25, Ерден 14 дауыс алса да, олар шешімін кейінге қалдырып, артынан билік тізгінін Ерденге ұстатқан. Патша әкімшілігінің саясатын түсінген Шоқан олардың шешіміне дау айтпаған. Бұл кез Шоқанның Петербургке барып, астанадағы демократиялық ортамен танысып, көзқарасын жаңартып қайтқан тұсы болатын. Оны бақылау астында ұстаған патшашыл чиновниктер одан сескеніп, ел билігіне жібермеуге тырысқан. Бұл оқиғамен жақсы таныс Айтжан атасының жеңісін Шоқанның өз еркімен билікті Ерденге таласпай бергендігімен түсіндіретін. «Ерденнің Шоқанды «жеңіп шығуы» жайлы әңгіме болуы мүмкін емес, – дейтін ол осы оқиғаны еске алғанда. – Бұл екі тұлға өте жақсы сыйласқан, жақсы қарым-қатынаста болған. Шоқан әуелде сайлауға түсуге ниет жасағанмен, кейін одан бас тартқан. Ол Ерденді қатты сыйлағандығынан. Ерденнің қайраткерлігін таныған ол халқына адал қызмет істейді деп ұққан».

Ерден батырлығымен қоса, хандық билік жойылғаннан кейін аға сұлтан болып, «қарадан шығып хан болғандардың» бірі еді. Ол патша өкіметі саясатын ұстауға мәжбүр бола жүріп, еліне қамқор болуға ұмтылған. Өз басының демократтық мінездері де аз болмаған. Құлтума ақын Ерденге барып отырып, мақтап өлең айтыпты деген әңгіме бар. Сонда Ерден: «Мақтап қайтесің, одан да менің бойымнан, ісімнен қандай кемшілік көресің, соны айт», депті. Бірден жамандауға жасқанған Құлтума: «Қатты айтсам, ренжіп қаласыз ғой» деп кібірттіктейді. Ерден: «Шындықты айтсаң, ренжімеймін, тек өтірік қоспа» деп рұқсат беріпті. Сонда Құлтума Ерденнің орыс отаршыларының ынғайымен кетіп, сулы, нулы жерлерге қарашекпенділерді қоныстандыруға қарсы күреспегенін, патшаның атымен жер аударылған адамдарға болыспағанын, батырлығын сыртқы жауға емес, ел наразылығын басуға жұмсағанын айтыпты. Басқа жеке басының азаматтығына мін таға алмапты. Сонда Ерден «өтірігі жоқ, бәрі де рас» деп мойындап, төмен қарап жер шұқи беріпті дейді. Ерден елге шыққанда шығынын халыққа салмай, соятын малдарын да ала жүреді екен. Мал сойған жерге ел жиналып, кедей-кепшік сорпа-су ішетін болған. «Қараөткел, Атбасар мен Есіл бойы қарайды сарғаюмен сіздің жолға» деген сөзді Құлтума батырдың осы қылығын мақұл көріп айтқан. Жалпы, Сандыбай тұқымының билік ұстаған адамдары қарапайым халықпен адамдық қарымқатынастарын бұзбаған.

Айтжанның үлкен атасы – сол Ерденмен бірге туысқан Байұлы деген кісі. Байұлынан Қастабай, одан Әбділда, одан Айтжан. Әбділданың туған ағасы Хасенді 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде көтерілген халық өз ішінен хан сайлаған. Ол екі жылдай хан болыпты. Бірақ Хасен де Ұлытау өңірінің ең қайырымды адамдарының бірі болған. Кеңес өкіметіне қарсылық көрсетпей, елді билікті қолдауға үндеген, тыныштыққа, келісушілікке шақырған. Ол еліне «ешбір дау-дамайға араласпаңдар, өз шаруаларыңды істеңдер. Дүниедегі ең тыныш тіршілік – өз ісіңмен айналысу: мал бағу, көрік басып, темір соғу. Мұндай жұмыс істеген адамды ешкім де жазғырмайды. Келіспеушілік пен қақтығыстан сені арашалап алатын – тек қана бейбіт еңбек» дейді екен.

Соған қарамай, Кеңес өкіметі бұл әулетті түгелге жуық құртып жіберді. Хасен де жер аударылып, содан қайтып оралмаған. Ерден тұқымының бас көтерер азаматтары аштықта, қуғында өлген, кейбірі өкімет адамдары қолынан атылған, соңы «халық жауы» болып ұсталған. Еркек кіндіктіден аман қалғаны – Айтжан ғана. Ал Ерденнің өз кіндігінен бір қыз (Мәкен Хамитқызы Сейілова) қалған. Сейіл – Ерденнің үлкен ұлы Байменденің баласы. Бұлар жастай жетім қалып, балалар үйіне кетіп, жан сақтапты. Тіпті Айтжан (шын аты – Айтмұхамед) жастығынан әкесінің шын атын да білмегенін, сөйтіп Әбділданы Абдулла деп жаздырғанын жаңа сөз ретінде келтірдім. Бұл екі бала отызыншы жылдар аштығынан кейін Шымкентте табысқан. Сөйтіп, бір-біріне сүйеніш болып, ержеткен. Есейген кездердің өзінде «Жаудың күшіктері» деген аттан құтыла алмаған. Балалар үйінің тәрбиесін алып, мектеп бітіріп, осындай көзге шұқудан құтылам ба деген үмітпен Айтжан 17 жасында сұранып майданға кеткен. Соғысты абыроймен аяқтап келген майдангерді Бостандық ауданының басшылығы комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметіне жібереді. Соның артынша жұмысты жаңа жолға қоя бастағанда «ата тегін жасырды» деп партиядан шығарып, жұмысынан босатқан. Қайран партияның «қырағылығы» не істетпеді?

Осының бәрі Айтжанды көп ойландырған. Ол жас басынан көргендерін ой елегінен өткізіп үйренген. Ойланған сайын өмір соқпағынан жаңа жол іздейді, дағдарып отырып қалмайды. «Өз өмірімде мен бір ғана үстемшілікті мойындадым. Ол – ар-ұят үстемшілдігі. Меніңше, өз арыңа дақ салу – өз рухыңды жаныштаумен бірдей, ал мұның өзі бүкіл адамдық болмысыңды жоғалтып алумен пара-пар», – дейді ол. Сөйтіп, ол күнделікті тіршіліктің баяны жоқтығын, адамға жаңа жол табуға көмектесетін білім, ғылым екеніне көз жеткізеді. 1948 жылы оның Алматыға, Қазақ мемлекеттік университетіне жолы түседі. Сол жылы ашылған геология факультетіне оқуға қабылданады. Ол жылдары майдангерлердің оқуға деген жолы ашық болатын. Сондықтан қиналмай өтеді. Оқуға қарайыңқырап қалған майдангер жігіт бұл жолды да абыроймен өтуге бекінеді. Соғыс шындаған күш-жігер оқудың қиындығын жеңерлік қабілетін танытуға жол ашады.

Айтжанның геолог мамандығын игеруге ұмтылысының да өзіндік себептері бар еді. Ол туған жер – Ұлытау, Жезқазған, Қарағанды өлкесі ежелден Қазақстанның кенді аймағы саналған. Онда кен іздеген геологтар жағалап жүретін. Жас кезінде оның сол геологтардың әңгімесін тыңдап, сондай болуға қызыққаны бар. Кейін сол өлкені көтерген Қаныш Сәтбаев есімі дүрілдеп шықты. Осының бәрі білім құмар жастың қиялын өсіргені даусыз.

Студент кезінде Айтжан тындырған үлкен шаруаның бірі – оның студенттік өндіріс тәжірибесін аса ынтамен өтіп, теориялық білімді өндіріс шындығымен ұштастыра үйренуі еді. Әуелгі тәжірибені ол Шымкентте өткізеді. Келесі жылы Кенді Алтайдың полиметалл кен орындарының бірі Лениногорскіге барады. Бұл жолы оған геология-минерология ғылымдарының докторы Г.Н.Щербаның қарауында істеуге тура келеді. Сондағы өткен тәжірибесі оған көп нәрсені үйретті. Болашақ геологтың істер жұмысына бағдар берді. Сол кезден бастап Г.Н.Щерба (ол Алтай тау-кен-металлургиялық ғылыми-зерттеу институтында істейтін) оны тұрақты жұмысқа пайдалануға болады деп шешеді. Сөйтіп, Айтжан университеттегі оқуын нақтылы іспен ұштастырып, сол институттың 1949-1953 жылдары әуелде лаборанты, кейін аға коллекторы болып жұмыс істейді. Оның оқуы мен студенттік тәжірибе өтудегі үздік табыстарын университеттің кафедрасы да (кафедра меңгерушісі К.Н. Ержанов) жақсы бағалайды. Сөйтіп, кафедра мүшелері студент А.Абдуллинді оқуын бітіргеннен кейін Ғылым академиясының Геология институтына аспирант етіп жіберуге шешім қабылдайды.

Аспирантураға түскен жас кадрларды қабылдап, оның болашақ зерттеу объектісін анықтау, тұрмыс жағдайымен танысу бағытында әңгіме өткізу академия президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ежелгі әдеті болатын. Ол Айтжанды өз институтында (Геология институты) қабылдады. Қанекеннің бір көрген адамының бүкіл болмыс-бітімін

жазбай танитын қабілеті барлығын оның замандастары көп айтатын. Айтжан да осыны аңғарады.

Президент оны ықыласпен қабылдап сөйлесті. Ол Айтжанның құжаттарымен алдын ала танысқан болуы керек. Онымұны көп сұрамай, бірден ақылын айтуға кірісті Айтжанға президенттің әрбір айтылған сөзінің артында зіл батпан жүк жатқандай көрінді. Кісіге қараған уытты жанары да болмыс-бітімді түгел тесіп өтердей екен. Ең бастысы ол Айтжанға сенді. Осы сенімді абыроймен ақтау оның ендігі басты парызы сияқтанды. Аспирантурада Айтжан академик Р.А.Борукаевтың жетекшілігімен «Орталық Қазақстанның солтүстігі мен солтүстікшығысының алтын-мыстытурмалинді формацияларының геологиясы» атты кандидаттық диссертация тақырыбы бойынша жұмыс істеді. Борукаев оны аймақтық зерттеулерге қатысу артықтық етпейді деп, Орталық Қазақстанның кешенді экспедициясына алып кетті. Мұндай кешенді экспедициялар жасақтау Борукаевтың сүйікті шаруасы болатын. Сонымен, ол жастарды ауыр істерде сынап, шынықтыратын. Олар солтүстіктен Бетпақдалаға дейінгі өлкені тұтас алып зерттеу жүргізді. Мұндай үлкен территорияны зерттеу басшы тарапынан қойылатын талаптың биіктігін, ізденімпаздығын, ұйымшылдық, жауапкершілік, іскерлік пен еңбекқорлық керектігін көрсететіні өзінен-өзі түсінікті. Өз тақырыпына тікелей қатысы аз болғанмен, Айтжан бұл сапардан көп тәжірибе жинақтап қайтты. Даланы кезу, оның геологиялық құрылымын анықтауға үйрену жас зерттеушіге керек болғанмен, тікелей тақырыбы бойынша жұмыс істеуге уақыттың аз қалуы Айтжанды мазасыздандыра бастады. Сөйтіп, ол үш жылдық мерзім ішінде негізін дайындағанмен, диссертациясын қорғап үлгере алмады. Институт басшылығы да оған түсіністікпен қарады. Оны уақытша лаборант, кейін кіші ғылыми қызметкер етіп қалдырды. Диссертация 1958 жылдың аяғында қорғалды. Кешігіп қорғағанмен, жұмыстың сапасы ең биік талапты ғалымдарды қанағаттандырды. Жетекшісі Айтжанның алғашқы үлкен экспедицияға қатысқан еңбегін, аймақтың геологиялық құрылысын анықтаумен жиналған материалдарды өңдеуде үлкен шеберлікке жетілгенін атап өтті. М.П.Русаков, Ж.А.Айталиев, А.Қ.Қаюпов, И.И.Бок, А.Е.Шлыгин, т.б. атақты геологтар диссертацияны бірауыздан мақұлдады. Оған университеттегі ұстазы К.Н.Ержанов, бірсыпыра практикалық жұмыста жүрген белгілі геологтар қатысып, сөз сөйледі. Атақты одақтық академик С.И.Коржинский жұмыспен танысып, ризалық көңілімен Айтжанның өзіне, президент Қ.И.Сәтбаевқа хат жолдады. Ол президентке Айтжанның дала жұмысындағы табыстарын айтып, оны пайдалану жөніндегі ойлармен бөлісіпті. Институтта минералдардың қалыптасу процестерін эксперименттік тұрғыдан зерттейтін лаборатория ашуды ұсыныпты. Көп кешікпей академия президентінің бұйрығымен осындай лаборатория ұйымдастырылып, А.Абдуллин оның жетекшілігіне тағайындалды. Дәл осы жылы (1960) Айтжанның диссертациясы «Орталық Қазақстанның солтүстікшығысының турмалинді формациялары» деген атпен кітап болып басылды.

Кандидаттық диссертацияны табысты қорғағанының куәсі болған академик О.Байқоңыров Айтжанды политехникалық институтқа ұстаздық қызметке шақырады. Осы жайды айтып алдына барған жас ғалымға президент Қ.Сәтбаев «Осылай шешсеңіз, барыңыз. Ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісі де маңызды ғой» депті. «Тек ұшқан ұяңызды ұмытпаңыз» дейді тағы да. Бірақ көп кешікпей оны Сәтбаев қайта шақырып алады. «Осында қайтып оралғаныңыз жөн болар» – депті ол. «Осыны айтты да Қанекең жай ғана күлімсірей отырып, бетіме барлай қарады.

– Ойбай, аға, – дедім мен саскалақтап, – ауысқаным көп болған жоқ, Омекеңнен ұят қой...».

Сөйтсем, ол Байқоңыровтың келісімін алып, мені институттың ғалым хатшысы етіп бұйрық беріп қойды.

Институт, таза ғылыми жұмыс Айтжанның ғалымдық тәжірибесін шындай түсті. Оның білімі мен тәжірибесін, ұжымға басшылық жасайтын ұйымдастыру қабілетін әбден

таныған Сәтбаев Айтжанды арнайы тапсырмамен үлкенүлкен экспедицияларды басқаруға жұмсайды.

«Екінші қабатқа түсіп келе жатып мен бұл шақырудың себебін білгенше асықтым, – дейді Айтжан. – Есіктен әдеттегідей имене аттаған мені Қаныш аға ілтипатпен қарсы алды.

– Отырыңыз, – деді ол түріме барлай қарап. – Отырыңызда тыңдаңыз.

Директор үстелінің қарсысындағы орындыққа жайғасқан мен әліптің артын бақтым. Менің қобалжуымды одан әрі үдеткен аз-кем үнсіздік орнады.

– Қобалжып отырсыз ба? – деді Қаныш Имантайұлы өткір көздерін менің жүзіме қадап. – Оныңыз да орынды.

Сөйтті де, ол ауыр денесін баппен қозғап, орнынан көтерілді. Үстел басынан шығып, жаймен адымдап келіп, алдындағы мен отырған шағын үстелдің қарсы бетіндегі орындыққа жайғасты.

Бұл қимылдардың бәрі маған бүгінгі әңгіменің күнделікті жұмыспен байланыссыз екенін ұқтырды. Бірталайдан бері институттың ғалым-хатшысы болып істейтін мен, әрине, күнделікті жұмыс бабымен директормен жиі жүздесетінмін. Көп сөйлеуді ұнатпайтын Қаныш аға мұндай жүздесулерде нақтылы тапсырмасын беретін де, тез қайыратын. Мен ғалымхатшы болып істегелі директордың осылайша кең отырып сөйлесуге ниет қылғаны – бірінші рет. Мен өзімнің ішкі сезімім алдамағанын, бұл жолы әңгіме маңызды мәселе жайлы өрбитінін түсіндім.

Айтқандай-ақ, Қаныш аға қарамақарсы отырысымен-ақ әңгіме желісін бастап кетті.

– Мен бұл жолы сізге үлкен ұсыныс жасайын деп отырмын. Мұны, тіпті, ұсыныс емес, тапсырма деп қабылдасаңыз да болады. Келесі жылдан бастап сіз Оңтүстік Орал тауларының Қазақстан аумағындағы табиғи жалғасы болып табылатын Мұғалжар жоталарының геологиясы мен пайдалы қазбаларын бағдарлы түрде зерттеумен айналысуға тиістісіз. Бұл – өте күрделі, бірақ мейлінше қызғылықты жұмыс. Шынымды айтсам, бұл маңызды жұмысты тапсыруға институттан өзіңізден гөрі қолайлы адамды таппадым. Рас, сіз ғалым ретінде әлі де жассыз. Бірақ, байқаймын, сіз табандылық пен еңбексүйгіштік сияқты ғалым үшін ең қажетті қабілеттерден құр алақан емессіз. Бұл аз десеңіз, сіздің бүкіл болмысыңыздан геология ғылымына деген үлкен ілтипат, оның қырсырын жетік меңгерсем деген құлшыныс байқалады. Бұл – ғалым үшін таптырмайтын қасиет. Сондықтан тура бүгіннен бастап осы шаруаға кірісіңіз».

Сөйтіп, Айтжан Қанекен өзі «ұсыныс емес, тапсырма» деп айтқан жұмысқа кіріседі. Бұған дейін геология тарихында «ақтандақ» болып келген Мұғалжарды зерттеу арқылы дербес тақырыбын табады. Бұрынғы аға геологтардың жасы ұлғайып қалған шағында өз қатарындағы ғалымдарға мұндай салмақ түскеніне бір жағынан қуанады, екінші жағынан оның ауырлығын сезінеді. «Жүрексінбеңіз. Бәрі де ойдағыдай болады», дейді Қанекен.

Мұғалжарды зерттеу алғашқы танысу мен жинақтау кезеңдерін қосқанда он жылдай уақыт бойына жүргізілген. Бұл мерзім ішінде Абдуллин жасақтаған жас ғалымдар тобы (ішінде кейін ғылымда үлкен абыроймен қызмет еткен Абдрахман Курскеев, Ахмет Телғозиев, Виктор Кориневский, Александр Авдеев, Нәсіпқали Сейітов, Мұхит Қасымов, т.б. бар) тың ашылуларға қол жеткізеді. Олар Мәскеу геологтарының Мұғалжар геологиясының тарихы жайлы кейбір қате тұжырымдарына түзету кіргізеді. Оны сырттан кесіп-пішпей, олармен бірге аралап қарап, айтысып мойындатады. Экспедиция жұмысымен әдейі барып, академик Р.А.Борукаев танысып, оның жұмысының сауатты, білгірлікпен жүріп жатқанын көреді, негізгі ғылыми тұжырымдарын мақұлдайды. Экспедиция материалдары 1971 жылы Айтжан Абдуллиннің докторлық диссертациясы күйінде («Мұғалжар геологиясы (стратиграфиясы, тектоникасы, магнетизм)») талқыға түсіп, қорытындыланады.

Осыдан бастап Айтжанның ғылымдағы жаңалық ашулары басталады. Ол тоғыз кен орындарын ашыпты. Олардың ішінде Торғай мұнайлы-газ алабы, Құмкөл, Арысқұм,

Нұралы мұнай кеніштері, Орталық Қазақстандағы мыс, молибден, алтын өндіретін Самар (Нұрқазған) кен орындары, т.б. бар. Ғалым алғашқы кандидаттық диссертациясын қоспағанда, жаңадан «Мұғалжар геологиясы» (1973), «Оралдың, ТяньШанның және Орталық Қазақстанның бір-бірімен тоғысу облыстарының тектоникасы» (1975), «Мұғалжар металлогениясы» (1976), «Мұғалжардың Сакмар және Ор-Елек белдемдерінің тектоникасы» (1977), «Қазақстан геологиясы» (1981), «Қазақстан жер қыртысының геодинамикасы» (1983), «Орал-монгол қатпарлы белдеуі геологиясы мен металлогениясының ең маңызды сипаттары» (1987), «Қазақстанның геологиясы мен минералдық ресурстары» (1994) сияқты кесек-кесек монографиялар жариялайды. Қазақстанның геологиялық карталарынан тыс, «Әлемнің тектоникалық картасы», «КСРО-ның докембрилік картасы», «КСРО-ның метаморфтік белдеулерінің картасы» сияқты әлемдік карталарды жасауға қатысады.

Мұғалжар экспедициясынан кейінақ Айтжанның кәсіби мамандығының биіктігін, табиғатты кең көлемде зерттеп, оның геологиялық тарихын таныпбілу қабілетін, жалпы геология тарихына жетіктігін ғылыми орта мойындай бастады. Ол жөнінде атақты геологтар, одақтық академиктер А.Л.Яншин, Д.С.Коржинский, Д.А.Кузнецов, Д.С.Штейнберг, Қазақстанның кешегі Қ.Сәтбаев тобынан қалған қарт геологтары, академиктер Р.А.Борукаев, М.П.Русаков, тағы басқалар бағалы пікір қалдырды. Абдуллин диссертация қорғаған 1971 жылдың өзінде-ақ жоғары Аттестациялық комиссия оның докторлығын бірден бекітті. 1973 жылы профессор атанды. 1974 жылы өзі тәрбие алған жылы ұясына, баяғы Қаныш ағасы негізін салып, өзіне өнеге көрсеткен геология институтына директорлық қызметке тағайындалды. 1975 жылы Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, 1979 жылы академигі болып сайланды. 1988 жылы Жер туралы ғылымдар бөлімшесінің академик-хатшысы, 1988-1995 жылдары академияның вице-президенті қызметтерін қоса атқарды. 1995 жылы өз еркімен жастарға жол беріп, институттың құрметті директоры болып қалды. Бірақ ғылымнан алыстаған жоқ, ақыл-кеңесімен көмектесті, өзінің бастап қойған жұмыстарын аяқтады. Өз өмірінің өнегелі жақтарын еске алған естелік кітаптар жазды.

А.Абдуллинге лайық деп саналған атақтардың ішінде КСРО және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары, Сәтбаев атындағы ғылым сыйлығы, т.б. бар еді. Ол бірнеше шетел академияларының құрметті мүшелігіне, жоғары оқу орындарының құрметті профессорлығына, Қазақстан геологтары ұлттық комитетінің тұңғыш президенті (1992) болып сайланды. 1990-1995 жылдары Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып, елдің тәуелсіздік қадамдарының дұрыс басталуына үлес қосты.

Айтжан жүріп өткен өмір жолына бүгін көз салсаңыз, оның бәрінің де үлкен тарих екенін аңғарасыз. Балалық шағында көргендері – қоғамдық ауысулардың адам басына салған тауқыметімен ұрпақ көрген сынақ сияқты. Адам өмірі – күрес екенін осы кездің өзі-ақ дәлелдеді. Соғыста ол табандылығы мен жауынгерлік тұлғасын аша білді. Оның басшысы болған дивизия командирі генерал-лейтенант С.Е.Попов жас солдатқа әкесіндей қамқорлық жасап, оның ерліктеріне ризалық білдірді. («Отты шептер», М.1989). Екеуі кейін де хат алысып тұрды, бірнеше рет кездесті де. Ал, соғыстан соңғы ғылым жолындағы ізденістері өз алдына. Бәрі де бүгін Айтжан атымен бірге аталатын ерліктің, табандылықтың, адамгершіліктің іздері сияқты елестейді.

Тірі болғанда биыл Айтжан аға тоқсанға толар еді. Біз көрген, өмірі мен еңбектеріне куә болған Айтжан Абдуллин заманында қазақ даңқын көтерген азаматтардың қатарында қалатыны хақ.

Серік ҚИРАБАЕВ
ҰҒА академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.